

Көркем еңбек	Мектеп: «Балдаурен»РОСО Филиалы			
Күні: .	Мұғалімнің аты-жөні:Туктыбаева Ақмарал Ермаханбетқызы			
Сынып: 8 сабақ 1	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар:		
Бөлім:	Дизайн және технология			
Сабақтың тақырыбы:	Қазақтың ұлттық киімі. Этностиль. Ою-өрнек стилизациясы			
Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	8.1.2.1-Тарихи және мәдени шығу тегі әртүрлі өнер, қолөнер мен дизайн туындыларының ерекшеліктері туралы түсінігін көрсету 8.1.3.1 шығармашылық идеяларды дамыту мен іске асыруда өз бетінше таңдаған ақпарат көздерін қолдану			
Сабақтың мақсаты:	әртүрлі халықтың ұлттық киімінің ерекшелігі туралы түсінік береді; ұлттық киімнің заманауи модельдері (этностиль) туралы түсінігін көрсетеді.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру	Сәлемдесу.Түгендеу.Жағымды психологиялық ахуал орнату. Тақырыпты және сабақ мақсатын анықтау Оқушылар тақтаға орналастырылған қазақтың ұлттық киімдері бейнеленген әртүрлі фотосуреттерді (мысалы, бас киімдер, аяқкиімдер, сыртқыкиім,аксессуарлар) қарастырады және сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды.	Оқушылар амандасып ,бір-біріне сәттілік тілейді. Ойлану арқылы оқушылар қайталау сұрақтарына жауап береді	Қалыптастыру-шы бағалау: Бірін –бірі бағалау.	Оқулықтағы түсініктемелер мен берілген суреттер слайд
Жаңа білім	Этникалық стиль – киім жиынтығында белгілі бір халықтың (этнос) ұлттық костюмінің ерекшелігін жаңғыртатын стиль. Жиынтық дайындау барысында ең бастысы осы немесе өзге ұлттың киіміне тән пішім, материал, реңк, ою-өрнек, сән, аксессуарларды қолдану болып табылады. Этностильдегі заманауи киімдердің фотосуреттерін көрсете отырып,этностиль түсінігі туралы шағын ақпарат береді, сонымен қатар қазіргі қазақстандық дизайнерлер, мысалы: «Құрақ көрпе» - сән студиясы, Аида Кауменова, Ая Бәпани, Балнур Асанова, «Сымбат» сән студиясыжәне т.б. Сұрақ-жауап: Этностиль деген не? Оның бірнеше түрін атаңдар? Этностильде заманауи киім дайындауға бола ма? Мысал келтіріңдер. Сән өнеріндегі қандай отандық киім дизайнерлерін білесіңдер? Бұл суреттерде не бейнеленген?	Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлерімен бөліседі	Дискриптор әртүрлі халықтың ұлттық киімінің түрлерін біледі, түсті гаммасы мен ою-өрнек түрлерін анықтайды; - қазақтың ұлттық киімінің жас бойынша бөліну мәнін түсінеді; - кейбір халықтардың ұлттық киімдерінің	Беларусс, татар, орыс халқының ұлттық киімі бейнеленген фотосуреттер http://ehistory.kazakh.ru/ehistory/41740.php (Қазақтың ұлттық киімі) http://wlooks.ru/nacionalnye-kostyummy/tatarskie/ (татар ұлттық киімі)

Оларды не біріктіреді?
 Сипаттаңдар, олардың айырмашылығы неде?
 Мұнда көрсетілген киімдердің негізгі түрлерін атай аласыңдар ма?
 Ұлттық киімдердің қандай түрлерін немесе элементтерін білесіңдер?
 Ақпаратпен жұмыс . Оқушылар түрлі халықтардың ұлттық киімдерінің әртүрлі түрлері бейнеленген карточканы таңдап, 2 топқа бірігеді.
 Ары қарай – оқушылар топта мұғалімнің ұсынған әртүрлі ұлттық киімдері туралы ақпаратты (1 қосымша) зерттеулері және өздерінің зерттеу нәтижелерін кестеге (2 қосымша) жазулары тиіс:

Киімнің негізгі түрлері	
Жасына қарай	
Киім пішіні	
Түс гаммасы	
Ою-өрнекпен әшекейленуі	

Мұғалім қажеттілігіне қарай оқушылардың сұрағына жауап бере отырып, жұмысты қорытындылайды.

Сұрақтарды талқылауды ұсынады:

*Ойланьндар, әртүрлі халықтардың ұлттық киімдерінің түсі мен пішінінде ұқсастық бар ма?

*Әртүрлі халықтардың ұлттық киімдерінде қандай айырмашылық және неліктен екенін сипаттап бере аласыңдар ма?

*Әр топ өз ойлары мен жауаптарын сыныптастарына айтады, мұғалім оны қажеттілігіне қарай түзетеді.

Кестемен жұмыс.

Сипаттамасы	Ерекшелігі	Ұқсастығы
Пішіні		
Түс гаммасы		
Ою-өрнек		

Жауабын зерттеу дәптеріне жазып, суретке түсіреді Оқушылар топта этникалық стиль, оның түрлері туралы презентациядағы ақпаратпен танысып, сұрақтарға жауап береді:

ерекшеліктері мен ұқсастықтарын айыра біледі;
 - этностильдегі ұлттық киім түрлерімен танысады.

<http://nazaccent.ru/content/4989-beloruskij-narodnyj-kostyum-strojnyj-obraz.html>
 (белорусс ұлттық киімі)

<http://www.voxpopuli.kz/main/ra-krpe-nacionalnye-tradicii-sovremennyy-podhod-12331.html>
 (Құрақ көрпе)
<http://kurakkorpe.kz/Қазақ, татар, белорусс, орыс халқының ұлттық киімі туралы мәтінімен ақпараты бар дидактикалық материал.>

Бекіту	Кері байланыс Мен не білдім ? Не үйрендім ? Маған бүгінгі сабақта түсініксіз болды ?	Оқушылар бүгінгі сабақты қандай деңгейде түсініп,білгендерін айтады	Оқушылардың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	

Көркем еңбек	Мектеп: «Балдаурен»РОСО Филиалы		
Күні: .	Мұғалімнің аты-жөні:Туктыбаева Ақмарал Ермаханбетқызы		
Сынып: 8 сабақ 2	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар:	
Бөлім:	Сәндік-қолданбалы өнер		
Сабақтың тақырыбы:	Этностильдегі (бас киімдер, камзол қазақтың ұлттық киімдері)		
Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	8.1.5.1-Функционалды (техникалық), эстетикалық, экономикалық және экологиялық талаптарға сай нысан дизайнын дайындау бойынша тапсырмаларды орындау 8.1.5.2-Әртүрлі графика тәсілдерін қолданып, бұйым дайындаудың реттілігі мен тиімді тәсілін анықтай отырып (оның ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданып), графикалық және технологиялық құжаттар дайындау		

Сабақтың мақсаты:	-Бас киім мен камзол пішімі бойынша үлгі жасайды. -Өлшем алу ретін біледі Матаға пішім түсіріп, пішуді біледі. Ою-өрнекпен безендіреді.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру	<p>Сәлемдесі.Түгендеу.Жағымды психологиялық ахуал орнату. «Тақия кімде?» ойыны.Оқушылар тұрып немесе отырып шағын шеңбер жасайды. Мұғалім музыка қосқан соң, оқушылар бірнеше өрнектелген тақияны бір-біріне шеңбер бойымен ұсынады. Музыка тоқтаған кезде тақия кімде болса, басына киеді де өзгелердің болашақ жұмыс туралы сұрақтарына жауап береді. Мысалы, көркем еңбек сабағында жоба жасауда қандай жұмыс түрлері қарастырылған т.б.</p> <p>Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау Оқушылар тақырып пен мақсатты анықтау үшін, мұғалім тақиядағы және камзолдағы ою-өрнекке назар аударуын сұрайды және олар бұл заттың осы сабаққа қатысы барын байқайды.</p> <p>Сұрақтары:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Неліктен сәндік ою-өрнек белгілі бір уақыттың, халықтың, елдің сәндік-қолданбалы өнер туындысына немесе көркем туындысына тән белгі болып табылады? • Ою-өрнек деген не? • Ою-өрнек не үшін арналған? • Тақия мен камзол қандай ою-өрнекпен әшекейленген? • Тақиядағы қандай ою-өрнек сабақ тақырыбымен байланысты? 	Оқушылар амандасып ,бір-біріне сәттілік тілейді.	Қалыптастырушы бағалау: Бірін –бірі бағалау.	Оқулықтағы түсініктемелер мен берілген суреттер
Ортасы	Бас киім мен камзол пішімі бойынша үлгі жасайды. Сұрақ- жауап: Қазақ ұлттық әйелдер мен ерлердің бас	Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлерімен	Дискриптор -Бас киім мен	Тақия немесе басқа сәндік ою-

	<p>киімдеріне назар аударуын ұсынады,мысалы, <i>тақия, сәукеле, кимешек (жаулық)</i> т.б.</p> <ul style="list-style-type: none"> Қалай ойлайсындар, бұл суреттерді не біріктіріп тұр? (ою-өрнектер, әйелдер бас киімі, белгілі бір материалдан дайындалған және т.б.) Жас ерекшелігіне байланысты бұл бас киімдер туралы не айта аласындар? (тақия- қыздар, сәукеле-бойжеткен және кимешек-әжелерге) Әр бұйымнан қандай ою-өрнек көріп тұрсындар? (оқушылар ою-өрнек түрлерін атайды, мысалы, өсімдік текті, геометриялық пішін, жануарлар мен құстарға ұқсас және т.б. ою-өрнектер). Қалай ойлайсындар, оларды қазіргі күнделікті өмірде киім элементі ретінде қолдануға бола ма? Мысал келтіріңдер. <p>Шығармашылық жұмыс. Таңдаған бас киім мен камзол суретін салындар. Бас киім мен камзол пішімі бойынша үлгі жасайды. Өлшем алады; Матаға пішім түсіріп,пішу Ою-өрнекпен безендіру. «Галереяға саяхат» Таныстырылымнан кейін әр топ өз жұмысын «галереяға» орналастырады</p>	<p>бөліседі</p> <p>Жауабын зерттеу дәптеріңе жазып, суретке түсіреді. Оқушылар бұл тапсырманы жұпта бағалайды.</p>	<p>камзол пішімі бойынша үлгі жасайды. -Өлшем алу реті; - өздерінің стильденген ою-өрнек идеясын ұсынынады.</p>	<p>өрнектермен әшекейленген қазақтың ұлттық бас киімдері. Камзол түрлері Фетр,мата, ине,жіп, қайшы</p> <p>http://ehistory.kazakhstan.ru/ehistory/41740.php р (Қазақтың ұлттық киімі)</p>
<p>Аяқталуы</p>	<p>Кері байланыс Оқушылар рефлексиясы : Мен не білдім ? Не үйрендім ? Маған бүгінгі сабақта түсініксіз болды ?</p>		<p>Оқушылар-дың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.</p>	

Зерттеу:

- 🚩 Берілген ою-өрнек _____ суреттейді.
- 🚩 Ою-өрнек түріне қарай _____ жатады.
- 🚩 Оларды салыстыра отырып, _____ көруге болады.
- 🚩 Біз оны _____ қолдануымызға болады.



Сіздің стилизациялау нұсқаңыз

Ою-өрнектің қайта дамуы: қайда және қалай қолданамыз? Өз идеяларыңды ұсыныңдар.

Көркем еңбек	Мектеп: «Балдаурен»РОСО Филиалы			
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні:Туктыбаева Ақмарал Ермаханбетқызы			
Сынып: 8 сабақ	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар:	
Бөлім:	Сәндік-қолданбалы өнер			
Сабақтың тақырыбы:	Этностильдегі бұйымдарды жасау (бас киімдер, қазақтың ұлттық киімдері) Бұйымдарды әшекейлеу			
Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	8.2.3.3-Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану 8.2.3.1-Қол мен тігін құрал-жабдықтарын және олардың құрылғыларын қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін анықтау және қолдану 8.2.3.2-Әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, өз бетінше құрастырған технологиялық құжат арқылы күрделендірілген бұйымдар дайындау 8.3.4.1-Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды талдауда және бағалауда негізінделген сыни ұсыныстар жасау 8.2.6.1-Техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану			
Сабақтың мақсаты:	- бас киім, камзол дайындау үшін нұсқаулық-технологиялық карта құрастырады; - қажетті өлшемдерді алады; - бұйымның сызбасын сызады.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі:	Сәлемдесу.Түгендеу. «Мен саған ... тілеймін» ойыны. Жақсы тілектер айту. Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау. «Шатастырылған әріптер» ойыны Оқушылар жұптары сол құраммен жұмыс жасауды жалғастырады. Әрбір жұпқа барлық әріптері шатастырылып жазылған сөздер бар карточкалар таратылады. УҰҚР (құру) ЫҰМБЙ (бұйым) ИТСОНТЭЛЬ (этностиль) КБАСІМИ (бас киім)	Оқушылар амандасып, бір-біріне сәттілік тілейді.	Өзара бағалау.	Оқулықтағы түсініктемелер мен берілген суреттер Әр оқушыға арналған бірдей түсті қағаз парағы,

	<p>ЛКАЗМО (камзол) Белгілі уақыт аралығында оқушылар жұптаса отырып, араласқан әріптердің дұрыс тәртіпте орналасуын шешіп, дұрыс жауабын айтады. Мұғалім қажеттілігіне қарай түзете отырып, оларды тақтаға жазады. Мұғалім тақтада жазылған сөздерге назар аудартып, оқушыларға осы сөздерден тақырыптың атауын тұжырымдауды ұсынады, сонан соң сабақтың мақсатын хабарлайды.</p>			қайшылар.												
<p>Жаңа білім</p>	<p>Сұрақ:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Бұл бұйымға қандай ою-өрнек қолайлы? • Бұл бұйымды жасауға қандай материалдарды қолданған ыңғайлы? • Өз эскиздеріңді тағы да немен толықтырғыларың келеді? Неліктен? <p>Топтар осы жайында өз ойларын ортаға салады</p> <p>Тәжірибелік жұмыс.1 кезең.</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Бас киімнің сызбасын құру үшін өлшем алу кезінде қандай өлшем алу ережелерін сақтау қажет? ✓ Бас киімнің – тақия, сәукеле және т.б. сызбасын құру үшін қандай өлшемдер алу керек? ✓ Өлшем алындар және нәтижесін кестеге жазындар <p>Конструкциялау кезінде, яғни сызба жасау кезінде БА (бас айналымы) өлшемінің бөлінуі немесе бөлінбеуі де мүмкін. 2,4,6,8,10,12 немесе басқа санға бөлінуі мүмкін. Бұл бас киімнің моделіне байланысты. Яғни, егер артқы жағынан тір тігіс түскен жаздық бас киім болса, онда құрылым кезінде бөлінбейді. Ал егер, мысалы, қиықты тақия болса, онда 4-тен 12-ге дейін бөлінеді. Яғни БА өлшемі жоспарланған қиық санына бөлінеді.</p> <p>2 кезең. Бас киім сызбасын сызу. Нұсқа 1 (тақия)</p> <p>Нұсқа 2.Бас айналымы аздап құлақтан жоғары өлшенеді және алынған санды төртке бөлу керек. Паракқа негізі алынған өлшем санына тең, биіктігі -1 – 1,5 см кем етіп бесбұрыш сызу (а- сурет). Мысалы, бас айналымы 52 см-ге тең болса, онда әр</p>	<p>Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлерімен бөліседі</p> <p>Жауабын зерттеу дәптеріңе жазып, суретке түсіреді. Оқушылар бұл тапсырманы жұпта бағалайды.</p> <table border="1" data-bbox="1093 751 1554 963"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Бұйым дайындау кезеңі</th> <th>Дайындау реттілігі</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	№	Бұйым дайындау кезеңі	Дайындау реттілігі	1			2			3			<p>Дискриптор - белгілі бір талаптарға сәйкес бұйым дайындау үшін альбомға немесе жұмыс дәптеріне қажетті жазбаларды орындайды; - осы жазбалар негізінде бұйым дайындаудың әртүрлі тәсілдерін ескере отырып, өлшем алу және сызбасын сызуды орындайды</p>	<p>Презентация https://www.youtube.com/watch?v=87-DrwZ4fvE https://www.youtube.com/watch?v=9ZlaQhw_HWQ https://www.youtube.com/watch?v=O8sZma1be-s</p>
№	Бұйым дайындау кезеңі	Дайындау реттілігі														
1																
2																
3																

	<p>бесбұрыштың негізі $52 : 4 = 13$ см, ал биіктігі $13 - 1 = 12$ см болады. Пішу барысында матадан 4 бөлшек пішу қажет.</p> <p>Нұсқа 3.Бейне материалды қарап шығу және жұмысқа ұсынылған кезең бойынша бас киім дайындау.</p> <p>3 кезең. Оқушылар алынған ақпаратқа, дизайнерлік шығармашылық бұйымды жасауға арналған эскиздер мен таңдалған материалдарға сәйкес нұсқаулық-технологиялық картаны дайындап, оны кестеге орналастырады:</p>			
Бекіту	Жұмыс аяқталғаннан кейін оқушылармен бірге нобайлар көрмесімен орындалған жұмыстарды талқылау «Бағдаршам» әдісін қолдану		Оқушылардың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	

Көркем еңбек	Мектеп: «Балдаурен»РОСО Филиалы		
Күні: .	Мұғалімнің аты-жөні:Туктыбаева Ақмарал Ермаханбетқызы		
Сынып: 8 сабақ	Қатысушылар саны:		Қатыспағандар:
Бөлім:	Сәндік-қолданбалы өнер		
Сабақтың тақырыбы:	Бұйымдарды әшекейлеу		

Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	8.2.3.3-Шығармашылық жұмыстар мен бұйымдар жасау барысында қазақ ұлттық мәдениет элементтерін пайдалану 8.2.3.1-Қол мен тігін құрал-жабдықтарын және олардың құрылғыларын қолдана отырып, тоқыма материалдарын өңдеу мен сәндеудің тиімді әдістерін анықтау және қолдану 8.2.3.2-Әртүрлі конструкциялар мен материалдарды (тоқыма, табиғи және жасанды) қолдана отырып, өз бетінше құрастырған технологиялық құжат арқылы күрделендірілген бұйымдар дайындау 8.3.4.1-Өзінің және өзгелердің жұмыстарын жетілдіру және адаптациялауда қолданылған идеяларды талдауда және бағалауда негізінделген сыни ұсыныстар жасау 8.2.6.1-Техника қауіпсіздігін қадағалап, оның маңыздылығын сезіне және демонстрациялай отырып, материалдар мен құралдарды қолдану			
Сабақтың мақсаты:	- өз жұмысында, оны сәндеу (бас киім, камзол) кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің әртүрлі элементтерін пайдаланады; - өзінің және сыныптастарының жұмыстарында қолданылған идеялар мен тәсілдерді талдап, бағалайды; - әртүрлі құралдар және материалдармен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік техника ережелерін сақтайды.			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі	<p>Сәлемдесу.Түгендеу. Т5 ережесін ұстану. Жағымды психологиялық ахуал орнату. «Кім жылдам?» ойыны Берілген уақыт ішінде әр топ жобалық бұйымды сәндеуге байланысты сөздер мен сөз тіркестерін мүмкіндігінше көбірек жазуы қажет, мысалы, сәндеу материалдары, жасау техникасы т.б. бисер, фольга, меруерт, ызба, бау, кесте, жапсырма және т.б. Әр топ кезекпен өз сөздерін айтады, қай топта сөздер көп айтылса, сол топ жеңімпаз болып саналады. Бұл ойынның парақтарын оқу бөлмесінің қабырғасына орналастыруға болады, қажет болған жағдайда оқушылар оған назар аударып, бұйымды сәндеу туралы ақпарат алады. Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау Қазақ ұлттық бас киімдері мен камзол суреттеріне қарап, осы сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтайды.</p>	<p>Оқушылар амандасып ,бір-біріне сәттілік тілейді. Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлерімен бөліседі</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау: Өзін-өзі бағалау.</p>	<p>оқулық Қазақтың ұлттық бас киімдері мен камзол әртүрлі сәндеп бейнеленген киімдер фотосурет- тері</p>
Жаға білім	<p>Сұрақ:*Этностильдегі бұйымды әртүрлі материалдармен қалай сәндеуге болады? *Жобалық бұйымды сәндеудің қандай әдіс-тәсілдерімен түрлендіруге болады? *Сәндеу кез келген бұйымның функционалдық сапасын жақсартпа ала ма? Неліктен?</p>	<p>Әр топ оқушылары бұл жайлы өз ойларын айтады</p>	<p>Дискриптор бұйымды сәндеу кезінде әртүрлі</p>	<p>слайд Фетр,бисер, жіптер – люрекс,</p>

	<p>*Ұсынылған безендіру нұсқаларын қарастырыңдар, оны өзіңнің киізден жасалған бұйымыңды сәндеуге қолдануды ұсыныңдар.</p> <p>Сәндеу (әрлеу) кезінде бұйымда әртүрлі әрлеу элементтерінің шамадан тыс көбейіп кетпеуі үшін, белгілі бір шаманы сезіну қажет.</p> <p>- <i>Суреттерде бұйымды сәндеудің (әрлеу) қандай түрлері көрсетілген.</i></p> <p><i>Бұйымды сәндеу (әрлеу) түрлері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • Кесте – әрлеудің бұл түрін қолдана отырып, мата фактурасын, формасы, бұйым конструкциясын, сонымен бірге фасоны мен адамның жасын ескеру қажет. Кестелеу үшін әртүрлі материалдарды: акрильді жіптер, бисер, стеклярус, жібек таспа, мулине жібі және т.б. қолдануға болады. • Ызбамен әрлеу – сәндеудің кең таралған түрі, ол алуан түрлі, түрлі түсті, бір түсті, көп түсті, мысалы, жаккардты ызба және т.б. болуы мүмкін. • Жапсырма - онымен кез келген бұйымды, мысалы, фетрден жасалған жеке ою-өрнек элементтерінің әртүрлі нұсқаларымен сәндеуге және оны бұйымның таңдалған тұсына жапсыруға болады. • Ылғалды-жылумен өңдеу – бұйымға белгілі бір пішін және эстетикалық түр беру үшін орындалады. ЫЖӨ үтікпен немесе арнайы үтіктеу тақталарында преспен орындалады \ <p>1-кезең. Бұйымды сәндеуге арналған эскиз жасау. 2-кезең. Бұйым жасауға қажетті материалдар, құралдар, жасау техникасын таңдау. 3-кезең. Қолмен және машинамен әртүрлі әрлеу тігістерін жүргізе отырып, бұйымды өңдеу және сәндеу жұмыстарын орындау.</p>	<p>және оны сыныптастарына ұсынады.</p> <p>Талқылау.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Топта өз шығармашылық жұмыстарыңды қарастырыңдар. • Альбом немесе жеке А4 форматты парақтың жоғарғы жағына өз жұмысыңды өңдеу және сәндеуге арналған шығармашылық идеяларыңды жазыңдар, топта талқылаңдар. • Ең жақсы идеяны таңдаңдар. • Өз таңдауыңды дәлелдей отырып, жобалық бұйымды сәндеуге арналған материалдар мен техникалардың әртүрлі нұсқаларын ұсыныңдар. • Өз идеяларыңды өзге топқа көрсетіңдер. 	<p>Ұлттық ою-өрнектер мен мотивтерді шығармашылықпен қолданады; - өз жұмысын және сыныптастарының жұмысын жетілдіру бойынша дәлелді ұсыныс айтады; - әртүрлі құралдар мен материалдарды қолдану кезінде жұмыста қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды.</p>	<p>кестелеуге арналған жіптер, ине, қайшы және т.б.</p> <p>Бағалау парақтары</p>
--	--	---	--	--

Бекіту	Не жақсы шықты? Нені түрлендіру қажет?	Оқушылар өздерінің жұмыстарының көрсетілімін жасап, бір бірін бағалайды Оқушылар бір біріне комментарийлерін білдіреді.	Оқушылар-дың айтқан жауаптарына пікір қалдыру.	
---------------	---	--	--	--

- Критерийлер бойынша жұмысты талқылау және бағалау.

Бағалау критерийлері	1 ден 5 –ке дейінгі балл
Бұйым әдемі жасалған, барлық элементтері ұқыпты көрінеді	
Бұйымды сәндеуге қазақтың ұлттық ою-өрнектері мен мотивтері қолданылған	
Жұмыс безендірілген, көрмеге дайын	
Өз бұйымын жүзеге асыру үшін креативті идея қолданылған	
Жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы сақталған	
Барлығы:	
<i>Сыныптастарының түсіндірмесі (жетілдіру бойынша ұсыныс)</i>	

№	Сұрақтар	Жауабы
1	Ою-өрнек дегеніміз латынның қай сөзіне келеді?	Латынның орнамент деген сөзінен алынған. Орнамент әшекейлеу, әсемдеу деген мағынасына келеді.
2	Композиция дегеніміз не?	Ою - өрнекті бір заттың бетіне реттеп орналастыру
3	Симметрия дегеніміз не?	Ою- өрнектің екі жағының бірдей

		болуы – симметрия заңы
4	Колорит деген не?	Ою- өрнектердегі бояу түрлерінің бір-бірімен үндесіп, жарасым табуы
5	Ритм дегеніміз не?	Ою - өрнекте бір элементтің қайталанып отыруы
6	Оюдың пайдасы бар ма?	Жүйке қызметін жақсартып, ойды бір жүйеге келтіреді. Математикалық білімді жетілдіреді, түстерді таңдауға үйретеді.

Көркем еңбек	Мектеп: «Балдаурен»РОСО Филиалы	
Күні: .	Мұғалімнің аты-жөні:Туктыбаева Ақмарал Ермаханбетқызы	
Сынып: 8 сабақ	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар:
Бөлім:	Сәндік-қолданбалы өнер	
Сабақтың тақырыбы:	Жұмыстардың көрмесі	
Сабақта меңгерілетін оқу мақсаттары	8.3.1.1-Онлайн платформадағы ауқымды аудитория алдында дайын жұмыстарды қорғау және оны ұсыну (онлайн форумдар, әлеуметтік желілерде)	
Сабақтың мақсаты:	<ul style="list-style-type: none"> - көрмеге арналған өз жұмыстарын дайындауға алдын-ала дайындық жасайды; - жасалу кезеңдерін түсіндіре отырып, өз жұмысын көрсетеді; - өзінің және сыныптастарының жобалық бұйымының шығармашылық идеясын талдап, түсініктеме береді. 	
Сабақтың барысы		

Сабақтың кезеңі	Педагогтың әрекеті	Оқушылардың әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру	<p>Сәлемдесу.Түгендеу. *мұғалім оқушыларды белсенді оқу іс-әрекетіне және жаңа білім алуға бағыттайды;</p> <ul style="list-style-type: none"> оқу барысында ынталандыру үшін жағдай жасайды: <p>«Көлеңке» ойыны Әр оқушыға таза ақ А4 форматтағы парақ беріледі. Ойын тәртібі: берілген қағазды умаждап, қарама қарсы қабырғаға оның көлеңкесі түсетіндей етіп, табиғи немесе жасанды жарық көзіне қарсы орналастыру қажет. Көлеңке сұлабасының неге ұқсайтынын сипаттау қажет.</p> <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау Оқушылар өздігімен сабақ тақырыбы мен мақсатын айтады. Бұл ақпаратты альбомға немесе жұмыс дәптеріне жазады.</p>	<p>Оқушылар амандасып ,бір-біріне сәттілік тілейді. Ойлану арқылы оқушылар қайталау сұрақтарына жауап береді</p>	өзін-өзі бағалау.	Оқулық, құрал-жабдықтар
	<p>Шығармашылық жұмыс. Оқушылар бұрынғы құрамдағы топта жұмыс жасауына болады. Әр топқа қағаз парағы беріледі. Мұнда оқушылар шығармашылық жұмыс таныстырылымын ұйымдастыру бойынша өз идеяларымен бөліседі, ойланады. Оған қандай ақпараттық дереккөздерді қолдануға болатынын талқылайды: Жұмыс барысында оқушылар ақпаратты іздеу түріне байланысты өзге топтармен немесе жұптасып бірігуіне болады . Немесе олар өз орнында қалып, қажеттілігіне қарай, зерттеу материалдарын көрші топтарға беруіне болады.</p> <p>«Қазақ ұлттық киімдерінің сән көрсетілімі» бейне ақпаратты көру</p> <ul style="list-style-type: none"> шығармашылық жұмысты көрмеге қалай дұрыс дайындауға болатыны туралы, бағалау критерийлерін талқылау, сонымен қатар келесілерді ескере отырып: <p>✓ <i>жобаның тақырыпқа сай болуы;</i></p>	<p>Оқушылар топтасып ақылдасып пікір шығарып пікірлерімен бөліседі</p> <p>Жауабын зерттеу дәптеріне жазып, суретке түсіреді. Оқушылар бұл тапсырманы жұпта бағалайды. Оқушылар мұғалім ұсынған бейнеақпаратты көріп, әртүрлі бас киім мен камзол</p>	<p>Дискрипто- өз жұмысының жетістігі мен кемшілігін талдайды;</p> <p>- сыныптастарының жұмысын талқылауға қатысады;</p> <p>- алғашқы идеямен бұйымның сәйкестігі туралы ойлана отырып, өз жұмысын ұсынады.</p>	<p>http://mir-biz.ru/biznes-plan/vystavoc-hnyj-biznes/ Көрмелік бизнесті қалай істеуге болады Өз шығармаңыздың негізгі бағасын қалай білуге болады. http://mrsa.ru/ocenka-kartin/kak-ocenit-stoimost-hudozhestvenn</p>

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ сәндік безендіру түстерінің тақырыпқа сай болуы; ✓ жұмыстың ұқыптылығы; ✓ шығармашылық бұйымның функционалдығы. • таныстырылым жасаудың дескрипторын талқылау: ✓ өз жұмысына қажетті ақпараттар мен иллюстрацияларды пайдаланады; ✓ жобаны қорғайды; ✓ жұмысты шығармашылық көрмеге дайындайды. <p>Шығармашылық жұмыс.</p> <p>1 -кезең. Оқушылар топтар бойынша тәжірибелік жұмысты орындау кезеңдерінің суреттері мен сипаттамасы берілген бірнеше ақпараттық слайдтарымен таныстырылым жасайды және бұйымды қандай техникада жасағанын, оны жасау үшін қандай материал қолданғанын түсіндіреді. Оқушылар сән көрсетілімін көрген соң, олар мүмкін дайын бұйымды қосымша суретке түсіріп, оны таныстырылымға қосатын болар.</p> <p>2- кезең. Шығармашылық жұмыс көрмесін ұйымдастыру және өткізу немесе бас киімдер мен камзолдің сәндік көрсетілімін әр түрлі әдіс-тәсілдермен жүзеге асырады.</p> <p>3- кезең. Алдын ала құрылған бағалау критерийлеріне сәйкес өз жұмысы мен сыныптастарының жұмысында қолданылған шығармашылық идея, әдіс-тәсілдер және жобалық жұмысқа түсініктеме беру.</p>	<p>түрлерімен танысады, мысал келтіре отырып, мұндай көрсетілімдерді қайдан көргені туралы айтады.</p> <p>Оқушылар бейне ақпаратты көрген соң топта талқылап, сыныптастарына ұсыну:</p>		<p>ogo-proizvedeniya</p>
	<p>Рефлексия:</p> <p>Оқушылар сабақ соңында рефлексия жүргізеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - не білдім, нені үйрендім; - не түсініксіз болды; - нені жетілдіру қажет. 	<p>Сыныптастар онлайн платформада жазбаша кері байланыс қалдырып, пікір алысады.</p>	<p>Оқушылар-дың айтқан жауаптар-ына пікір қалдыру.</p>	